

**Балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын  
іске асыратын ұйымдардың педагогтері мен бейіні бойынша  
мамандарына арналған «Қосымша білім беру арқылы заманауи  
мектептегі STEAM – жобалау қызметі» біліктілікті арттыру курсының  
білім беру бағдарламасы**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың педагогтері мен бейіні бойынша мамандарына арналған «Қосымша білім беру арқылы заманауи мектептегі STEAM – жобалау қызметі» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) балаларға қосымша білім беруді дамытуға және әрі қарай жетілдіруге қатысты сұрақтарды қамтиды, педагогтердің теориялық, практикалық білімдерін жаңартуды және кәсіби дағдыларын кеңейтуді, педагогтерге оқу-зерттеу қызметін басқару бойынша білімді тереңдетуге және жоғары дамыған негізгі құзыреттілікті қалыптастыруға әдістемелік көмек көрсетуді қарастырады.

2. Бағдарлама Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК педагогтердің кәсіби қиындықтары мен қажеттіліктерін сауалнама жүргізу арқылы диагностикалау, сондай-ақ талдау жолымен әзірленді.

3. Біліктілікті арттыру курсының (бұдан әрі – Курс) ұзақтығы 80 сағатты құрайды. Сабақ кестесін құрастыру барысында ғылым мен педагогикалық технологиялардың жаңартылуын ескере отырып, бағдарлама тақырыбына өзгеріс енгізуге болады.

4. Курстың білім беру үдерісі оқытудың интерактивті формаларын қамтиды: дәріс, практикалық сабақ, шығармашылық шеберхана, шеберлік сынып, шағын топтарда жұмыс, дөңгелек үстел, конференция, тренинг, жобаларды қорғау.

5. Бағдарлама балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын қосымша білім беру ұйымдары педагогтерінің кәсіби және педагогикалық шеберліктерін жетілдіруге бағытталған.

6. Бағдарлама жинақталған тәжірибесін таратқан педагогтермен тікелей байланысуға, олардың қызметін инновациялық тұрғыдан талдау және зерделенген тәжірибесі негізінде педагогикалық қызметтің вариативтік моделін құруға мүмкіндік береді.

7. Бағдарлама оқыту бағдарламаларын жүргізу әдістемелерін дамытуға және жетілдіруге, заманауи жоғары технологиялық құралдарды пайдалану технологиясы мен сандық дағдыларды қолдану арқылы педагогтердің шығармашылық әлеуетін танытуға ықпал етеді.

## 2-тарау. Глоссарий

8. Бағдарламада қолданылатын ұғымдар:

1) балаларға қосымша білім беру – баланың зияткерлік, рухани-адамгершілік, дене бітімін жетілдірудегі білім беру қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыруға бағытталған білім берудің түрі; меншік түріне және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан қосымша білім беру ұйымдары ұсынатын қызмет;

2) балалардың жобалық қызметі – оқу-танымдық, шығармашылық немесе ойын қызметі, оның нәтижесі қандай да бір мәселені шешу болып табылады, оның толық сипаттамасы (жобасы) түрінде ұсынылады;

3) психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу – баланы табысты оқыту, оның әлеуметтік және психологиялық дамуы үшін қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдайлар жасауға бағытталған ересектердің кәсіби қызметі;

4) шығармашылық іс-әрекет – бұрын сонды әртүрлі шығармашылық белсенділікті ынталандыратын ортада болмаған баланың іс-әрекетінің жаңа түрі;

5) STEAM – оқушыларға кез келген қиындықтағы тапсырмаларды орындауға мүмкіндік беретін әмбебап практикалық-бағытталған тәсіл.

## 3-тарау. Бағдарлама тақырыбы

9. Теориялық және практикалық академиялық сағаттар саны көрсетілген Бағдарлама тақырыптары:

1) нормативтік құқықтық модуль – 6 сағат (6 – теория).

Кіріспе. Қазақстан Республикасында балаларға қосымша білім беру: жағдайы және даму келешегі – 2 сағат (2 – теория). .

Балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың қызметтерін реттейтін заңнамалық және нормативтік құқықтық негіздері – 2 сағат (2 – теория).

Білім беру ұйымдарындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралары – 2 сағат (2 – теория);

2) психологиялық-педагогикалық модуль – 10 сағат (4 – теория, 6 – практика).

Балалардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытудағы психологиялық-педагогикалық қолдау негіздері – 2 сағат (2 – теория).

Жасөспірімнің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері. Бала жағдайының психологиялық-педагогикалық диагностикасы – 2 сағат (2 – практика).

Балалар бірлестігі жағдайында шығармашылық қызмет арқылы өзара қарым-қатынас психологиясы – 2 сағат (2 – практика).

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың психикалық даму ерекшеліктері – 4 сағат (2 – теория, 2 – практика);

3) теориялық-технологиялық модуль – 16 сағат (10 – теория, 6 – практика).

«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайында өскелең ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды тәрбиелеудің өзекті мәселелері – 4 сағат (4 – теория).

Қосымша білім берудегі STEM-технологиялар – 4 сағат (2 – теория, 2 – практика).

Жалпы білім беретін мектептерде балаларға қосымша білім берудің ерекшеліктері – 4 сағат (2 – теория, 2 – практика).

Мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдары – балаларды дамытудың ресурстық орталықтары – 4 сағат (2 – теория, 2 – практика);

4) практикаға бағдарланған модуль – 48 сағат (10 – теория, 38 – практика).

Қосымша білім беру ұйымдарының ресурстық орталық тәртібіндегі жұмыс тәжірибесі – 16 сағат (4 – теория, 12 – практика).

Білім алушылардың сабақтан тыс уақытын қамтуды қамтамасыз ету мақсатында балаларға қосымша білім беру ұйымдарының мектептермен өзара әрекеттесуі – 8 сағат (2 – теория, 6 – практика).

Балаларға қосымша білім беру ұйымдары негізіндегі бейіндік жұмыс – 4 сағат (4 – практика).

Балаларға қосымша білім берудегі заманауи ақпараттық және коммуникациялық технологиялар – 8 сағат (8 – практика).

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға инклюзивті қосымша білім беру – 6 сағат (2 – теория, 4 – практика).

«Қауіп-қатер тобындағы» балаларды тәрбиелеу тәжірибесі. Жоба қорғау – 6 сағат (2 – теория, 4 – практика).

Барлығы – 80 академиялық сағат: теория – 30, практика – 50.

#### **4-тарау. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері**

10. Бағдарлама мақсаты: балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың педагогтері мен бейіні бойынша мамандардың білімін жаңарту және кәсіби шеберлігін жетілдіруге жағдай жасау.

11. Бағдарлама мақсатына жету үшін келесі міндеттер айқындалған:

1) тыңдаушыларды қосымша білім беру жүйесінің заңнамалық және нормативтік құқықтық актілеріндегі, қосымша білім беру мазмұнындағы, оқытудың заманауи білім беру технологияларындағы жаңартулармен таныстыру;

2) балаларды дамытудың ресурстық орталығы ретінде мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдары жағдайында тәрбиелеудің түрлеріне кіріктірілген тәсілдерді енгізу;

3) мектептен тыс ұйымдарда педагогикалық қызметтің жекелеген компоненттерін немесе тұтас білім беру процесін жобалау;

4) педагогтерге әдістемелік және практикалық көмек көрсету.

12. Курстың соңында балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың педагогтері мен бейіні бойынша мамандардың білімі жаңартылады және кәсіптік құзыреттілік дағдылары жетілдіріледі.

Курс соңында тыңдаушылар:

1) біледі:

балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін реттейтін заңнамалық және нормативтік құқықтық негіздерін;

Қазақстан Республикасында балаларға қосымша білім беру: жағдайы және даму келешегін;

білім беру ұйымдарындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды;

«Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде балалармен және жасөспірімдермен тәрбие жұмысының бағыттарын;

тәрбиенің негізгі принциптерін (гуманизм, патриотизм, руханилық, төзімділік және т. б.);

білім берудегі жүйелік, құзыреттілік және іс-әрекет тәсілдерінің мәнін.

2) меңгереді:

балалардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытудағы психологиялық-педагогикалық қолдау негіздерін және бала жағдайының психологиялық-педагогикалық диагностикасын қолдану;

«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайында өскелең ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды тәрбиелеудің өзекті мәселелерін қолдану;

3) дағдысын қалыптастырады:

Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде балаларға қосымша білім берудің ерекшеліктерін;

балаларға қосымша білім беру негізінде бейіндік жұмысты және балаларға қосымша білім берудегі заманауи ақпараттық және коммуникациялық технологияларды.

## **5-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

13. Бағдарлама құрылымы:

1) жалпы ережелер;

2) глоссарий;

3) бағдарлама тақырыптары;

- 4) бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері;
- 5) бағдарламаның құрылымы мен мазмұны;
- 6) оқу процесін ұйымдастыру;
- 7) бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі;
- 8) оқыту нәтижелерін бағалау;
- 9) курстан кейінгі қолдау;
- 10) негізгі және қосымша әдебиеттер тізімімен қамтылады.

14. Бағдарламаның мазмұны төрт модульден тұрады:

- 1) нормативтік құқықтық;
- 2) психологиялық-педагогикалық;
- 3) теориялық-технологиялық;
- 4) практикаға бағдарланған.

15. Нормативтік құқықтық модуль балаларға қосымша білім берудің заңнамалық, нормативтік құқықтық базасының жаңару, қазақстандық білімнің жаңғыру бағыттары бойынша сұрақтарды ашады.

Модульдің болжамды тақырыптары:

- 1) Қазақстан Республикасында балаларға қосымша білім беру: жағдайы және даму келешегі;
- 2) балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін реттейтін заңнамалық және нормативтік құқықтық негіздері;
- 3) білім беру ұйымдарындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралары.

16. Психологиялық-педагогикалық модуль балаларды тәрбиелеудегі психологиялық-педагогикалық аспектілер туралы білімді жетілдіруді, жас ерекшеліктерін ескере отырып, білім алушының тұлғасын дамытуды, педагогикалық ұжымдағы тұлғааралық қарым-қатынас және шиеліністердің алдын алу мәселелерін қарастырады.

Модульдің болжамды тақырыптары:

- 1) балалардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытудағы психологиялық-педагогикалық қолдау негіздері;
- 2) жасөспірімнің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері. Бала жағдайының психологиялық-педагогикалық диагностикасы;
- 3) балалар бірлестігі жағдайында шығармашылық қызмет арқылы өзара қарым-қатынас психологиясы;
- 4) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың психикалық даму ерекшеліктері.

17. Теориялық-технологиялық модуль дәстүрлі және жаңа педагогикалық, жобалық және зерттеу технологияларын, музыкалық қызметтің мазмұны мен нысандарын, оларды қолдану ерекшеліктерін, негізгі күтілетін нәтижелерді ашады.

Модульдің болжамды тақырыптары:

1) «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайында өскелең ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды тәрбиелеудің өзекті мәселелері;

2) қосымша білім берудегі STEM-технологиялар;

3) жалпы білім беретін мектептерде балаларға қосымша білім берудің ерекшеліктері;

4) мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдары – балаларды дамытудың ресурстық орталықтары.

18. Практикаға бағдарланған модуль практикаға бағдарланған білім беруге көшу жағдайында педагогикалық қызметті жетілдіруге, практикалық сабақтар барысында меңгеру мүмкін болатын инновациялық жобаларды іске асыруға ықпал етеді.

Модульдің болжамды тақырыптары:

1) қосымша білім беру ұйымдарының ресурстық орталық тәртібіндегі жұмыс тәжірибесі;

2) білім алушылардың сабақтан тыс уақытын қамтуды қамтамасыз ету мақсатында балаларға қосымша білім беру ұйымдарының мектептермен өзара әрекеттесуі;

3) балаларға қосымша білім беру ұйымдары негізіндегі бейіндік жұмыс;

4) балаларға қосымша білім берудегі заманауи ақпараттық және коммуникациялық технологиялар;

5) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға инклюзивті қосымша білім беру;

6) «қауіп-қатер тобындағы» балаларды тәрбиелеу тәжірибесі.

## **6-тарау. Оқу процесін ұйымдастыру**

19. Оқу процесін ұйымдастыру аудиториялық және қашықтан оқыту түрінде сабақтар өткізуді, сондай-ақ, тыңдаушылардың өз бетінше жұмыс жасауын қарастырады.

20. Бағдарлама педагогтердің шығармашылығын таныту үшін дәстүрлі және инновациялық тәсілдерді қолдана отырып, қажетті жағдай жасайды. Бағдарлама педагогтердің шығармашылығын таныту үшін дәстүрлі және инновациялық тәсілдерді қолдана отырып, қажетті жағдай жасайды. Бағдарлама заманауи талаптарға сәйкес балаларға қосымша білім беру қызметін және даму үдерісін заңнамалық және нормативтік құқықтық, ғылыми-зерттеу, бағдарламалық-әдістемелік, практикалық қамтамасыз етуге және Қазақстан Республикасының қосымша білім беру сапасын жетілдіру бойынша мақсаттылық, тұтастық және әрекеттердің жүйелілігін қамтамасыз етуге бағытталған теориялық және практикалық сабақтарды қамтиды.

21. Оқу процесі оқытудың интерактивті әдістері арқылы жүзеге асырылады: пікірсайыстар, тренингтер, бейнефильмдерді талқылау, мәселелерді бірге шешу, жобаларды қорғау.

22. Курс тыңдаушыларының мақсатты тобы: меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың педагогтері мен бейіні бойынша мамандары.

### **7-тарау. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі**

23. Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету – бұл Бағдарламаның модульдері бойынша қажетті барлық оқу-әдістемелік құжаттардың және материалдардың көмегімен қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері мен бейіні бойынша мамандарын оқытуды ұйымдастыру және оны іске асыру үшін қажетті жиынтық.

24. Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету мынадай материалдардан тұрады.  
оқу-әдістемелік құралдар;  
тренер/оқытушы/тьютор, тыңдаушыға арналған әдістемелік ұсынымдар;  
дәріс конспектісі;  
практикалық сабақтар бойынша құралдар;  
білуін, меңгеруін, дағдысын бақылау материалдары;  
гlossарий (анықтамалық, сөздік);  
таныстырылым және үлестірмелі материалдар;  
практикалық сабақтың әдістемелік материалдары;  
аудио, бейне және мультимедиялық материалдар;  
негізгі, қосымша әдебиеттер ретінде тыңдаушыларға ұсынылатын оқу әдебиеттерінің тізімдері және басқалар.

Оқу-әдістемелік кешендер басылымдық (кітаптар, кітапшалар) нұсқасында, электронды түрінде де қолданылуы мүмкін.

25. Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету Бағдарламаның модульдері бойынша:

1) нормативтік-құқықтық модуль – Қазақстан Республикасының білім мәселелері бойынша заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілерімен;

2) психологиялық-педагогикалық модуль – электрондық оқыту ресурстарымен (аудио-, бейне- материалдары, анимация және суретпен сипаттау), тренингтің, практикалық сабақтың әдістемелік материалдарымен;

3) теориялық-технологиялық модуль – оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша бағдарламалармен, білім мазмұнын жаңарту бойынша әдістемелік ұсынымдармен, оқу-әдістемелік құралдарымен, оқу-анықтамалық (гlossарий, анықтамалық, сөздік және басқа) материалдарымен;

4) практикаға бағдарланған модуль – заманауи оқу-әдістемелік кешендердің, практикалық сабақтардың, шеберлік сыныптардың, тренингтердің, таныстырылым материалдарының әзірлемелерімен;

5) әр модуль – басылып шыққан немесе электронды нұсқадағы дәрістердің конспектілерімен іске асырылады.

### 8-тарау. Оқу нәтижелерін бағалау

26. Курс соңында балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың педагогтері мен бейіні бойынша мамандардың білімдерін жаңарту, толықтыру және кәсіби құзыреттілік дағдыларын жетілдіру қарастырылады.

27. Оқу процесінің соңында тыңдаушылардың білімдерін бақылау және бағалау мақсатында (таңдау бойынша):

- 1) жобаны презентациялау;
- 2) қорытынды тестілеу жүргізіледі.

28. Курстың қорытындысы бойынша тест тапсырмалары:

1) білім беру жүйесіндегі заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерді;

2) қосымша білім беру ұйымдарын басқаруға заманауи тәсілдерді;

3) шығармашылық қызмет үдерісінде психологиялық-педагогикалық аспектілерді;

4) оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін білуге қатысты сұрақтарды қамтиды.

29. Курстың қорытындысы бойынша жобаның тұсаукесері зерттеу жұмысын жеке немесе оқыған модульдер бойынша топта қорғауды қарастырады.

30. Бағдарламаны іске асырудың қорытындысы бойынша бақылау жұмысын бағалау өлшемдері.

«Сынақ» (тест: 50 пайыз және одан жоғары) – педагог және бейіні бойынша маман орындалған тапсырманың проблемалық саласын біледі, шешілетін проблеманың бастапқы себептерін түсінеді, тапсырманы орындау үшін білімдерін қолданады, проблеманы шешу үшін тәсілдерді (әдістер, құралдар, нысандар, аспаптар және тағы басқа) талдайды және жинақтайды, күнделікті практика проблемаларын шешу үшін тапсырманы орындау маңыздылығын бағалайды.

«Сынақтан өтпейді» (тест: 50 пайыздан төмен) – педагог және бейіні бойынша маман орындалған тапсырманың проблемалық саласын жеткіліксіз біледі, шешілетін проблеманың бастапқы себептерін түсінбейді, тапсырманы орындау үшін білімдерін қолданбайды, проблеманы шешу үшін тәсілдерді (әдістер, құралдар, нысандар, аспаптар және тағы басқа) талдай алмайды және жинақтай алмайды, күнделікті практика проблемаларын шешу үшін тапсырманы орындау маңыздылығын төмен бағалайды.

## **9-тарау. Курстан кейінгі қолдау**

31. Курстан кейінгі қолдау педагогтің жеке міндеттерін шешуге бағдарланған, мынадай элементтерден тұрады: өзін анықтауы, құзыреттілігінің өзектілігі, кері байланыс, үздіксіздік. Курстан кейінгі кезең толық жасалған рефлексияны, Курстан соң олардың іске асыратын қызметі туралы шығармашылық есебін болжайды.

32. Курстан кейінгі қолдау көрсетуде педагогтің қызметіне мынадай нысандар қолданылады:

- 1) кәсіби дамуының нәтижелері;
- 2) педагог Курс өткен соң бірінші күнтізбелік жыл ішінде үштен кем емес өзіндік жұмысын ұйымдастыру және өткізу;
- 3) Курстан өткен және алған білімін, біліктілігін, дағдыларын жұмыс тәжірибесінде қолданатын педагогтерді тәжірибе алмасу бойынша іс-шараларға қатысуға тарту, олардың іс-тәжірибесін көпшілік алдында мойындау;
- 4) Курс бағдарламасына түзету енгізу.

33. Педагогтің қызметіне курстан кейінгі қолдау көрсету мониторингі үш жыл бойы жылына бір рет сырттай немесе қашықтық нысанында өткізіледі.

34. Курстан соң әр тыңдаушы кәсіби дамуының жеке жоспарын даярлайды және курс ұйымдастырушыларына шығармашылық есебін жібереді.

## **10-тарау. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі**

35. Курстың оқу процесін жүргізу барысында қолданылатын негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі:

1) Әдістемелік ұсынымдар «Ғылыми-техникалық,экологиялық-биологиялық, туристік-өлкетану бағыттары бойынша жобалау-зерттеу қызметін ұйымдастыру» – «Республикалық қосымша-білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, Астана, 2013 ж.;

2) Әдістемелік ұсынымдар «Балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі кәсіптік бағдар беру қызметі» – «Республикалық қосымша-білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, Астана, 2015 ж.;

3) «Балалардың ғылыми-техникалық шығармашылығының білім беру бағдарламалары бойынша әдістемелік ұсынымдар» – «Республикалық қосымша-білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, Астана, 2015 ж.;

4) «Балалардың инновациялық парктерінде техникалық шығармашылық жүйесін дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар» – «Республикалық қосымша-білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, Астана, 2015 ж.;

5) «Балалар жазғы лагерінде тәрбие және бейіналды жұмысты ұйымдастыру» – «Республикалық қосымша-білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, Астана, 2015 ж.;

6) «Балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылық жүйесінде құзыреттілік тәсілді жүзеге асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар» – «Республикалық қосымша-білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, Астана, 2016 ж.;

7) Әдістемелік ұсынымдар «Білім беру ұйымдарының мұражайларында білім алушылардың зерттеу қызметі» – «Республикалық қосымша-білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, Астана, 2016 ж.;

8) Әдістемелік ұсынымдар «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуда мазмұнды демалыс қызметінің маңызы» – «Республикалық қосымша-білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, Астана, 2016 ж.;

9) Қазақстан Республикасында балаларға қосымша білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері – «Республикалық қосымша-білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, Нұр-Сұлтан, 2019 ж.;

10) «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері, 2019 ж.;

11) «Методические рекомендации по внедрению STEM образования», Ы. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы, Астана, 2017 ж.;

12) Оқыту технологиялары. Қисымова Ә.Қ., Увалиева Т.Ж. Алматы, 2007 ж.;

13) Проектная деятельность как основа современного развития учреждения дополнительного образования. Кондрашова Т.А., 2016 ж.;

14) Профессиональное самоопределение старшеклассников в проектной деятельности. Бобровская А.Н., 2005 ж.;

15) Развитие творческой индивидуальности субъектов образования. Богданова Р.У., 2000 ж.;

16) Программно-методическое обеспечение исследовательской деятельности учащихся в дополнительном образовании детей. Вихорева О.А., 2004 ж.;

17) Принципы организации исследовательской деятельности учащихся в Центре «Экология и культура г. Уфы. Волкова А.Т., 2004 ж.;

18) Проектная деятельность как средство развития познавательных интересов старшеклассников. Гребенникова О.А., 2005 ж.;

19) Проектное обучение – что это? Пахомова Н.Ю., 2004 ж.

**Образовательная программа курса повышения квалификации  
«STEAM – проектная деятельность в современной школе  
через дополнительное образование» для педагогов и специалистов по  
профилю организаций, реализующих образовательные программы  
дополнительного образования детей**

**Глава 1. Общие положения**

1. Образовательная программа курса повышения квалификации «STEAM – проектная деятельность в современной школе через дополнительное образование» для педагогов и специалистов по профилю организаций, реализующих образовательные программы дополнительного образования детей (далее – Программа), включает в себя круг вопросов, касающихся развития и дальнейшего совершенствования дополнительного образования детей, предусматривает обновление теоретических, практических знаний и расширение профессиональных навыков педагогов, оказание методической помощи педагогам в углублении знаний по руководству учебно-исследовательской деятельностью и формированию высоко развитыми ключевыми компетенциями.

2. Программа разработана РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования» Министерства образования и науки Республики Казахстан на основе диагностики путем анкетирования профессиональных затруднений и потребностей педагогов, также анализа.

3. Продолжительность Курса повышения квалификации (далее – Курс) составляет 80 часов. При составлении расписания допускаются изменения в тематике Программы с учетом обновлений науки и педагогических технологий.

4. Образовательный процесс Курса включает интерактивные формы обучения: лекция, практическое занятие, творческая мастерская, мастер-класс, работа в малых группах, круглый стол, конференция, тренинг, защита проектов.

5. Программа направлена на совершенствование профессионального и педагогического мастерства педагогов организаций, реализующих образовательные программы дополнительного образования детей.

6. Программа позволяет напрямую взаимодействовать с педагогическими работниками, обобщившими накопленный опыт, проанализировавшими свою деятельность с точки зрения инновационности и на основе изученного опыта спроектировать вариативную модель педагогической деятельности.

7. Программа способствует развитию и совершенствованию методики ведения обучающих программ, проявлению творческого потенциала педагогов с применением цифровых навыков и технологий использования современных высокотехнологичных инструментов.

## Глава 2. Глоссарий

8. Понятия, используемые в Программе:

1) дополнительное образование детей – вид образования, направленный на всестороннее удовлетворение образовательных потребностей ребенка в интеллектуальном, духовно-нравственном, физическом совершенствовании; услуга, предоставляемая организациями дополнительного образования независимо от формы собственности и ведомственной принадлежности;

2) проектная деятельность детей – учебно-познавательная, творческая или игровая деятельность, результатом которой становится решение какой-либо проблемы, представленное в виде его подробного описания (проекта);

3) психолого-педагогическое сопровождение - профессиональная деятельность взрослых, направленная на создание благоприятных социально-психологических условий для успешного обучения ребенка, его социального и психологического развития;

4) творческая деятельность – форма деятельности ребенка, при которой создаётся что-то новое, ранее не существовавшее при условии создания среды, которая бы стимулировала разнообразную творческую активность;

5) STEAM – универсальный практико-ориентированный подход, который позволяет ученикам справляться с задачами любой сложности.

## Глава 3. Тематика Программы

9. Тематика Программы с указанием количества теоретических и практических академических часов:

1) нормативный правовой модуль – 6 часов (6 – теория).

Введение. Дополнительное образование детей в Республике Казахстан: состояние и перспективы развития – 2 часа (2 – теория).

Законодательные и нормативные правовые основы регулирования деятельности организаций, реализующих образовательные программы дополнительного образования детей – 2 часа (2 – теория).

Антикоррупционные меры в организациях образования – 2 часа (2 – теория);

2) психолого-педагогический модуль – 10 часов (4 – теория, 6 – практика).

Основы психолого-педагогического сопровождения в развитии коммуникативной компетентности детей – 2 часа (2 – теория).

Психолого-педагогические особенности подростка. Психолого-педагогическая диагностика состояния ребенка – 2 часа (2 – практика).

Психология взаимодействия через творческую деятельность в условиях детского объединения – 2 часа (2 – практика).

Особенности психического развития детей с особыми образовательными потребностями – 4 часа (2 – теория, 2 – практика);

3) теоретико-технологический модуль – 16 часов (10 – теория, 6 – практика).

Актуальные вопросы воспитания духовно-нравственных ценностей подрастающего поколения в условиях реализации общенациональной идеи «Мәңгілік ел», программы «Рухани Жаңғыру» – 4 часа (4 – теория).

STEM- технологии в дополнительном образовании – 4 часа (2 – теория, 2 – практика).

Особенности дополнительного образования детей в общеобразовательных школах – 4 часа (2 – теория, 2 – практика).

Внешкольные организации дополнительного образования как ресурсные центры развития детей – 4 часа (2 – теория, 2 – практика);

4) практико-ориентированный модуль – 48 часов (10 – теория, 38 – практика).

Опыт работы организаций дополнительного образования для детей в режиме ресурсного центра – 16 часов (4 – теория, 12 – практика).

Взаимодействие организаций дополнительного образования детей со школами с целью обеспечения занятости обучающихся во внеурочное время – 8 часов (2 – теория, 6 – практика).

Профориентационная работа на основе организации дополнительного образования детей – 4 часа (4 – практика).

Современные информационные и коммуникационные технологии в дополнительном образовании детей – 8 часов (8 – практика).

Инклюзивное дополнительное образование детей с особыми образовательными потребностями – 6 часов (2 – теория, 4 – практика).

Опыт воспитания детей «группы риска». Защита проекта – 6 часов (2 – теория, 4 – практика).

Всего – 80 академических часов: теория – 30, практика – 50.

#### **Глава 4. Цель, задачи и ожидаемые результаты Программы**

10. Цель Программы: создание условий для обновления знаний и совершенствования профессионального мастерства педагогов и специалистов по профилю организаций, реализующих образовательные программы дополнительного образования детей.

11. Для достижения цели Программы определены следующие задачи:

1) ознакомление слушателей с обновлениями в законодательных и нормативных правовых актах системы дополнительного образования, содержании дополнительного образования, современных образовательных технологиях обучения;

2) внедрение интегрированных подходов к различным видам воспитания в условиях внешкольных организаций дополнительного образования как ресурсных центров развития детей;

3) проектирование отдельных компонентов педагогической деятельности или целостного образовательного процесса во внешкольных организациях;

4) оказание методической и практической помощи педагогам.

12. По завершении Курса у педагогов и специалистов по профилю организаций, реализующих образовательные программы дополнительного образования детей, будут обновлены знания и совершенствованы навыки профессиональной компетентности.

По завершении Курса слушатели:

1) знают:

законодательные и нормативные правовые основы регулирования деятельности организаций образования, реализующих образовательные программы дополнительного образования для детей;

состояние и перспективы развития дополнительного образования детей в Республике Казахстан;

антикоррупционные меры в организациях образования;

направления воспитательной работы с детьми и подростками на основе общенациональной идеи «Мәңгілік ел», Программы «Рухани жаңғыру»;

основные принципы воспитания (гуманизм, патриотизм, духовность, толерантность и другие);

сущность системного, компетентностного и деятельностного подходов в образовании.

2) умеют:

применять основы психолого-педагогического сопровождения в развитии коммуникативной компетентности детей и психолого-педагогическую диагностику состояния ребенка;

пользоваться актуальными вопросами воспитания духовно-нравственных ценностей подрастающего поколения в условиях реализации общенациональной идеи «Мәңгілік ел», программы «Рухани Жаңғыру».

3) владеют:

особенностями дополнительного образования детей в общеобразовательных школах Республики Казахстан;

профориентационными работами на основе дополнительного образования детей, современные информационные и коммуникационные технологии в дополнительном образовании детей.

## **Глава 5. Структура и содержание Программы**

13. Структура Программы:

1) общие положения;

- 2) глоссарий;
- 3) тематика Программы;
- 4) цель, задачи и ожидаемые результаты Программы;
- 5) структура и содержание Программы;
- 6) организация учебного процесса;
- 7) учебно-методическое обеспечение Программы;
- 8) оценивание результатов обучения;
- 9) посткурсовое сопровождение;
- 10) список основной и дополнительной литературы.

14. Содержание Программы состоит из четырех модулей:

- 1) нормативный правовой;
- 2) психолого-педагогический;
- 3) теоретико-технологический;
- 4) практико-ориентированный.

15. Нормативный правовой модуль раскрывает вопросы по обновлению законодательной, нормативной правовой базы дополнительного образования детей, модернизации казахстанского образования.

Примерные темы данного модуля:

- 1) дополнительное образование детей в Республике Казахстан: состояние и перспективы развития;
- 2) законодательные и нормативные правовые основы регулирования деятельности организаций образования, реализующих образовательные программы дополнительного образования детей;
- 3) антикоррупционные меры в организациях образования.

16. Психолого-педагогический модуль предполагает совершенствование знаний о психолого-педагогических аспектах воспитания детей, развития личности обучающегося с учетом возрастных особенностей, рассматривает проблемы межличностного общения в педагогическом коллективе и преодоление межличностных конфликтов.

Примерные темы данного модуля:

- 1) основы психолого-педагогического сопровождения в развитии коммуникативной компетентности детей;
- 2) психолого-педагогические особенности подростка. Психолого-педагогическая диагностика состояния ребенка;
- 3) психология взаимодействия через творческую деятельность в условиях детского объединения;
- 4) особенности психического развития детей с особыми образовательными потребностями.

17. Теоретико-технологический модуль раскрывает новые педагогические, проектные и исследовательские технологии, содержание и формы социально-педагогической деятельности в организациях дополнительного образования, особенности их применения, основные ожидаемые результаты.

Примерные темы данного модуля:

- 1) актуальные вопросы воспитания духовно-нравственных ценностей подрастающего поколения в условиях реализации общенациональной идеи «Мәңгілік ел», программы «Рухани Жаңғыру»;
- 2) STEM-технологии в дополнительном образовании;
- 3) особенности дополнительного образования детей в общеобразовательных школах Республики Казахстан;
- 4) внешкольные организации дополнительного образования как ресурсные центры развития детей.

18. Практико-ориентированный модуль способствует совершенствованию педагогической деятельности в условиях перехода к практико-ориентированному образованию, реализации инновационных проектов, освоение которых возможно в ходе практических занятий по дополнительному образованию.

Примерные темы данного модуля:

- 1) опыт работы внешкольных организаций дополнительного образования для детей в режиме ресурсного центра;
- 2) взаимодействие организаций дополнительного образования детей со школами с целью обеспечения занятости обучающихся во внеурочное время;
- 3) профориентационная работа на основе организации дополнительного образования детей;
- 4) современные информационные и коммуникационные технологии в дополнительном образовании детей;
- 5) инклюзивное дополнительное образование детей с особыми образовательными потребностями;
- 6) опыт воспитания детей «группы риска».

## **Глава 6. Организация учебного процесса**

19. Организация учебного процесса предусматривает проведение занятий в аудиторной и дистанционной формах, а также самостоятельную работу слушателя.

20. Программа предоставляет необходимые условия для проявления творчества педагогов с применением традиционных и инновационных методов. Программа включает теоретические и практические занятия по законодательному и нормативному правовому, научно-исследовательскому, программно-методическому, практическому обеспечению процесса функционирования и развития дополнительного образования детей и призван обеспечить целенаправленность, целостность и системность действий по совершенствованию качества дополнительного образования Республики Казахстан в соответствии с современными требованиями.

21. Образовательный процесс включает интерактивные методы обучения:

дискуссии, тренинги, обсуждение видефильмов, совместное решение вопросов, защиту проектов.

22. Целевая группа слушателей Курса: педагоги и специалисты по профилю организаций, реализующих образовательные программы дополнительного образования детей, независимо от ведомственной принадлежности и форм собственности.

## **Глава 7. Учебно-методическое обеспечение Программы**

23. Учебно-методическое обеспечение – это совокупность всех учебно-методических документов и материалов по модулям Программ, необходимых для организации и осуществления с их помощью обучения педагогов и специалистов по профилю организаций дополнительного образования.

24. Учебно-методическое обеспечение содержит следующие материалы.

- учебно-методические пособия;
- методические рекомендации для тренера/преподавателя/тьютора, слушателя;
- конспекты лекций;
- пособия по практическим занятиям;
- материалы контроля знаний, умений, навыков;
- гlossарий (справочник, словарь);
- презентационные и раздаточные материалы;
- методические материалы практических занятий;
- аудио, видео и мультимедийные материалы;
- список учебной литературы, рекомендуемой слушателям в качестве основной и дополнительной литературы и другие.

Учебно-методические комплексы могут использоваться как на бумажных носителях (книги, брошюры), так и в электронном виде.

25. Учебно-методическое обеспечение осуществляется по модулям Программы:

1) нормативный правовой модуль – законодательными и нормативными правовыми актами Республики Казахстан по вопросам образования;

2) психолого-педагогический модуль – электронными образовательными ресурсами (аудио, видеоматериалы, анимации и иллюстрации), методическими материалами тренингов и практических занятий;

3) теоретико-технологический модуль – программами по организации учебно-воспитательной работы, методическими рекомендациями по обновлению содержания образования, учебно-методическими пособиями, справочными материалами (гlossарий, справочник, словарь и др.);

4) практико-ориентированный модуль – разработками современных учебно-методических комплексов, практических занятий, мастер-классов, тренингов, презентационных материалов;

5) каждый модуль – конспектами лекций в печатном или электронном вариантах.

## **Глава 8. Оценивание результатов обучения**

26. По завершении Курса предусматривается у педагогов и специалистов по профилю организаций, реализующих образовательные программы дополнительного образования детей, обновление, пополнение знаний и совершенствование навыков профессиональной компетентности.

27. По завершении образовательного процесса с целью контроля и оценки знаний слушателей проводятся (по выбору):

- 1) презентация проекта;
- 2) итоговое тестирование.

28. Тестовые задания по итогам Курса включают вопросы на знание:

- 1) законодательных и нормативных правовых актов системы образования;
- 2) современных подходов к управлению организацией дополнительного образования;
- 3) психолого-педагогических аспектов в процессе творческой деятельности;
- 4) инновационных технологий и методов обучения.

29. Презентация проекта по итогам Курса предусматривает защиту исследовательской работы индивидуально или в группе по изученным модулям.

30. Критерии оценки контрольной работы по итогам реализации Программы.

«Зачет» (тест: 50 процентов и выше) – педагог и специалист по профилю знает проблемную область выполненного задания, понимает первопричины решаемой проблемы, применяет знание для выполнения задания, анализирует и синтезирует подходы (методы, средства, формы, инструментарий и другие) для решения проблемы, оценивает значимость выполнения задания для решения проблем повседневной практики.

«Незачет» (тест: ниже 50 процентов) – педагог и специалист по профилю недостаточно знает проблемную область выполненного задания, не понимает первопричины решаемой проблемы, не применяет знание для выполнения задания, не умеет анализировать и синтезировать подходы (методы, средства, формы, инструментарий и другие) для решения проблемы, низко оценивает значимость выполнения задания для решения проблем повседневной практики.

## **Глава 9. Посткурсовое сопровождение**

31. Посткурсовое сопровождение ориентировано на решение частных задач педагога, состоит из следующих элементов: самоопределение, актуальность компетентностей, обратная связь, непрерывность. Посткурсовой период предполагает полномасштабную рефлекссию, творческий отчет об осуществляемой им деятельности после Курса.

32. В посткурсовом сопровождении деятельности педагога используются следующие формы:

- 1) результаты профессионального развития;
- 2) организация и проведение в течение первого календарного года после прохождения Курса не менее трех самостоятельных работ педагогом;
- 3) привлечение педагогов, прошедших Курс и успешно применяющих полученные знания, умения, навыки на практике, к участию в мероприятиях по обмену опытом, публичное признание их опыта (публикации в средствах массовой информации);
- 4) корректировка Программы Курса.

33. Мониторинг посткурсового сопровождения деятельности педагога проводится в течение трех лет один раз в год заочно либо в дистанционной форме.

34. Каждый слушатель после Курса готовит индивидуальный план профессионального развития и направляет творческий отчет организаторам курса.

## **Глава 10. Список основной и дополнительной литературы**

35. Список основной и дополнительной литературы, используемой в ходе проведения учебного процесса Курса:

1) Методические рекомендации «Организация проектно-исследовательской деятельности по научно-техническому, эколого-биологическому, туристско-краеведческому направлениям» – РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования», Астана, 2013 г.;

2) Методические рекомендации «Профориентационная деятельность в системе дополнительного образования детей» – РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования», Астана, 2015 г.;

3) «Методические рекомендации по образовательным программам научно-технического творчества детей», – РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования», Астана, 2015 г.;

4) «Методические рекомендации по развитию системы технического творчества детей в детских инновационных парках» – РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования», Астана, 2015 г.;

5) «Организация воспитательной и предпрофильной работы в детском летнем лагере» – РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования», Астана, 2015 г.;

6) «Методические рекомендации по реализации компетентностного подхода в системе научно-технического творчества детей и молодёжи» – РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования», Астана, 2016 г.;

7) Методические рекомендации «Исследовательская деятельность обучающихся в музеях организаций образования» – РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования», Астана, 2016 г.;

8) Методические рекомендации «Значение содержательной досуговой деятельности в профилактике правонарушений среди несовершеннолетних» – РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования», Астана, 2016 г.;

9) Концептуальные подходы к развитию дополнительного образования детей в Республике Казахстан – РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования», Нур-Султан, 2019 г.;

10) Концептуальные основы воспитания в условиях реализации программы «Рухани жаңғыру», 2019 г.;

11) «Методические рекомендации по внедрению STEM образования», Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, Астана, 2017 г.;

12) Оқыту технологиялары. Қисымова Ә.Қ., Увалиева Т.Ж. Алматы, 2007 г.;

13) Проектная деятельность как основа современного развития учреждения дополнительного образования. Кондрашова Т.А., 2016 г.;

14) Профессиональное самоопределение старшеклассников в проектной деятельности. Бобровская А.Н., 2005 г.;

15) Развитие творческой индивидуальности субъектов образования. Богданова Р.У., 2000 г.;

16) Программно-методическое обеспечение исследовательской деятельности учащихся в дополнительном образовании детей. Вихорева О.А., 2004 г.;

17) Принципы организации исследовательской деятельности учащихся в Центре «Экология и культура г. Уфы. Волкова А.Т., 2004 г.;

18) Проектная деятельность как средство развития познавательных интересов старшеклассников. Гребенникова О.А., 2005 г.;

19) Проектное обучение – что это? Пахомава Н.Ю., 2004 г.